

FTAMP 03.29.00.

<https://doi.org/10.26577/JH.2021.v100.i1.08>**Б.С. Сайлан** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.  
e-mail: b\_sailan1967@mail.ru

## **АУҒАНСТАН: ӘЙГІЛІ ДАЛА КОМАНДИРІ АХМАД ШАХ МАСУД КІМ?**

1973 жылы Ауғанстанда М. Дауд бастаған республикалық құрылыстың орнауынан бастап Ахмад шах Масуд есімінің ел аузында таралуы мақалада сипатталады. Ауғанстан тарихында жас оппозиционердің М. Дауд режиміне қарсы күреске бел шеше кіріскені көрсетіледі. Оның жас болса да арнайы жасақтар құрып, Ауғанстанның мемлекеттік билігіне қарсы қарулы күрес жүргізгені айтылады. 1970 жылдардың ортасында оның елден қуылып, Пәкістан территориясын паналағаны, осы кезде басқа елдердегі бүліктерге қатысып, дайындықтан өткендігі айқындалады. 1978 жылы сәуір төңкерісінен кейін елге қайта оралып, жаңа өкіметке қарсы қарулы жасақ құрып, күннен-күнге дарынды дала командиріне айнала бастағаны жан-жақты талданады. 1979 жылы кеңес әскерлері Ауғанстанға кіргеннен бастап, оның есімі бүкіл Ауғанстанға жайылғаны көрсетіледі. Кеңес әскеріне қарсы күрескен ең айбарлы қарсылас болғандығы сарапталады. Оның кеңес әскерлерімен қанды соғыстағы батырлығы, көзқарасы және жеке басына тән қолбасшылық қасиеттері сомдалады. 1980 жылдардан бастап Ахмад шах моджахедтердің көшбасшысы болса, 1990 жылдардың басында оның Ауғанстанның Қорғаныс министрі лауазымына дейін жеткендігі қарастырылады. 2001 жылы оның қастандықтан қаза табуы, елінің ұлттық батырына айналуы айтылады.

**Түйін сөздер:** Ауғанстан, Ахмад шах Масуд, қолбасшы, соғыс, әскер, әскери операция, дала командирі, жасақ, оппозиция, моджахед.

B.S. Sailan

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,  
e-mail: b\_sailan1967@mail.ru

### **Afghanistan: who is the famous field commander Ahmad Shah Massoud?**

The article describes the spread of the name Ahmad Shah Massoud in the country since the establishment of the republican construction in Afghanistan in 1973, led by M. Daoud. In the history of Afghanistan, it is indicated that the young opposition leader resolutely joined the fight against the regime of M. Daoud. It is noted that he, although young, created special forces and led an armed fight against the state power of Afghanistan. In the mid-1970s, it was revealed that he had been exiled from the country and had taken refuge in Pakistan, while participating in insurgencies in other countries and undergoing training. It is comprehensively analyzed that after the April revolution in 1978, he returned to the country, created an armed forces against the new government and began to turn into a talented field commander from day to day. Since the entry of Soviet troops into Afghanistan in 1979, his name has spread throughout Afghanistan. He was the most formidable opponent who fought against the Soviet Army. His heroism, views and personal qualities of command in the bloody war with the Soviet troops are described. Ahmad Shah is believed to have been a Mujahideen leader since the 1980s, and in the early 1990s he reached the post of Afghan Defense Minister. It is noted that in 2001, he died as a result of an assassination attempt, became a national hero of his country.

**Key words:** Afghanistan, Ahmad Shah Massoud, commander, war, army, military operation, field commander, force, opposition, Mujahideen.

Б.С. Сайлан

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,  
e-mail: b\_sailan1967@mail.ru

### **Афганистан: знаменитый полевой командир Ахмад Шах Масуд – кто он?**

В статье говорится о распространении имени Ахмад шах Масуд среди народа с момента установления в 1973 году в Афганистане республиканского строительства, начатого М. Даудом. В истории Афганистана указывается, что молодой оппозиционер решительно вступал в борьбу

с режимом М. Дауда. Отмечается, что он, хотя был и молод, но создавал отряды специального назначения и вел вооруженную борьбу против государственной власти Афганистана. В середине 1970-х годов выяснилось, что он был изгнан из страны и укрывался на территории Пакистана, в это время он участвовал в мятежах в других странах и проходил подготовку. Всесторонне анализируется, что после апрельской революции 1978 года он вернулся в страну, создал вооруженный отряд против новой власти и изо дня в день превращался в талантливого полевого командира. С момента вступления советских войск в Афганистан в 1979 году его имя распространилось по всему Афганистану. Он был самым грозным противником, сражавшимся против Советской Армии. Его образ – это героизм, взгляды и личные качества командования в кровопролитной войне с советскими войсками. С 1980-х годов Ахмад шах был лидером моджахедов, а в начале 1990-х годов он дошел до должности Министра обороны Афганистана. Отмечается, что в 2001 году он погиб в результате покушения и стал национальным героем своей страны.

**Ключевые слова:** Афганистан, Ахмад шах Масуд, командующий, война, войска, военные операции, полевой командир, отряд, оппозиция, моджахед.

## Кіріспе

1979-1989 жылдары он жыл бойы отқа оранған Ауған соғысының әлі талай зерттелетін тұстары жетерлік. Ауғанстан мемлекеті басшыларының заңды өтінішімен бас сұққан кеңес әскері бұл елде қарулы қақтығыстарға тап болды. Кеңес әскеріне және жергілікті мемлекеттік билікке қарсы күрескен оппозиция күштері шабуылын тоқтатпады. Керісінше кеңес әскері кіргеннен кейін соғыс оты өрши түсті. Қарсы шабуылға шығушылар моджахедтер атанып, оларды бүлікшілер арасында беделі бар адамдар басқарды. Солардың арасында есімі ерекше аталатын әйгілі дала командирі Ахмад шах Масуд болды.

Ахмад шах Масуд 20 жасқа толғаннан бастап мемлекеттік билікке қарсы шыққан жас оппозиционер атанды. 1973 жылы Ауғанстанда М. Дауд билігі орнағаннан бастап, күреске шыққан ол өлгенше қолынан қаруын тастамады. Оппозициялық күресте жүріп, студенттік өмірі қудалауға ұласты. Елден қуылған ол Пәкістанды паналап, Ливия және Ирак жерлеріндегі бүліктерге қатысты. Сол жолда жүріп партизандық соғыс тәжірибелерін үйренді. 1978 жылы Ауғанстандағы сәуір төңкерісінен кейін елге қайта оралып, билікке қарсы күресін жалғастырды. 1979 жылы Кеңес әскері Ауғанстанға кіргеннен кейін, оның белсенділігі тіптен артты. Өз алқабы адамдарынан қарулы жасақтар құрып, тікелей соғысуға көшті. Осы уақытта оның даңқы артып, жасақтары молайды. Кеңес әскеріне қарсы «қасиетті соғыс» атты күрес жариялаған ол, әйгілі дала командиріне айналды. Кеңес әскері шығып кеткенге дейін тыным таппай соғысып, Ауғанстанға аты жайылған дарынды қолбасшы атанды. Ауғанстандағы М. Наджибулла билігі

құлағанға дейін дарынды дала командирі атанып, биік бедел жинаған ол 1992-1996 жылдары Қорғаныс министрі болды. Талибгермен тайталаста жүріп, 2001 жылы қастандық жасаушылар қолынан қаза тапты. Осындай ауыр жолдардан өтіп, аты аңызға айналған Ахмад шах Масудтың өмірі мен күресін зерттеу әлі де қажеттілікті талап етеді. Оның бүлікшіден ұлттық батырға айналуын тарих ғылымы анықтауға тырысады.

## Материалдар және әдістер

1979-1989 жылдары кеңес әскерінің қатысуымен өткен Ауған соғысы мен бұл соғыста даңқы шыққан дала командирі Ахмад шах Масуд туралы мәселені жазуда өзіндік әдістемелік ерекшеліктер қарастырылды. Өйткені соғыс пен сол соғыста есімімен ерекшеленген қолбасшылар тарихын зерттеуде міндетті түрде сол тақырыпқа арналған әдебиеттер мен құжаттар бірінші кезекте пайдаланылды. Осы соғысқа 2 жыл қатысып, көзіммен көрген зерттеуші және запастағы офицер ретінде бұрыннан қалыптасып келе жатқан әдістемелік тәжірибемді де пайдалана білдім. Кеңес одағының батыры, соғыс майталманы Бауыржан Момышұлы «Соғыс психологиясы» кітабында: «Шынайы соғыс туралы кітап жазу үшін, зерттеуші әскердің жарғысын білуі керек. Ал жарғыны түсінген жазушы ғана офицер образын, солдат бейнесін түсіне алады, шайқас пен соғыс дегенді түсінеді. Соғыс тақырыбына арналған кітап соғыстағы адамның негізгі фигурасы мен оның психологиясын қамтуы керек», – деп, оны жазуда қандай әдіс-тәсілдер қажет екенін тың тұжырымдап берді.

Бұл мәселені зерттеуде Ауған соғысы ардагерлері ұйымдарындағы мұрағат қорлары мен олардың ашқан сайттарындағы деректер, 40-армия қолбасшыларының, әскери және дип-

ломатиялық қызмет атқарған лауазым иелерінің естеліктері, осы соғыс жайында жарияланған құжаттар мен материалдар, әдебиеттер мен деректер қарастырылды.

### Нәтижелер және талдаулар

#### Ахмад шах Масудтың қалыптасу кезеңі

Ахмад шах Масуд 1953 жылы Паншер уезіне қарасты Жаңғалақ қыстағында дүниеге келді. Ұлты – тәжік, сүнниттік бағытты ұстанған мұсылман. Сабақ француз тілінде жүретін астаналық «Истеклаль» (Тәуелсіздік) лицейін бітірген. 1972 жылы кейін Кабул политехникалық институтының сәулет және құрылыс факультетіне оқуға түсті. Институтта оқып жүріп «Мұсылман жастары» атты ұйымға мүше болды (Биография, 2015).

1973 жылы Ауғанстанда монархияның құлауы және елде М. Дауд бастаған республикалық құрылыстың орнауы оның тағдырын барынша өзгертіп жіберді. «Сәулетші-инженер» дипломын алу мүмкіндігінен айрылды. Өйткені 1973 жылы мемлекеттік төңкерістен кейін «Мұсылман жастарын» жақтаушылар М. Дауд жүйесін құлатып, «Ислам республикасын» жариялау мақсатында әскерде астыртын әрекет ұйымдастырды. Астыртын әрекет әшкереленіп, оған қатысқандар жазаланды. Алайда, Ахмад шах оқуын тастап жазалаудан құтылу мақсатында алты ай бойы елдің әр жерінде жасырынып жүрді. Келесі жылы Пәкістан асып, М. Дауд жүйесіне қарсы «Мұсылман жастары» ұйымының әскери секциясына кірді. Сосын Ливия мен Ирактағы палестиндік әскери топтардың құрамында әскери іс-қимылдар жүргізуге қатысты. Пәкістанға қайта келіп америкалық нұсқаушылардың жетекшілігімен өзінің әскери дайындығын одан әрі жалғастырды. Бұл жылдары ол партизан соғысы жайлы еңбектерді оқып, әр елдердегі (соның ішінде Кеңес Одағының Екінші дүние жүзілік соғыстағы) партизан соғысының тәжірибелерімен танысты (Слинкин, 1999: 244).

1975 жылы ол Паншер алқабындағы көтерілістің дайындығына белсене қатысты. Аталған көтеріліс 1975 жылдың 21 шілдесінде болды. Бірақ бұқара халықтың тарапынан қолдау болмағандықтан, көтеріліс дереу басылды (Martyrs Week, Massoud, 2019). Ахмад шах қайта Пәкістанға кетті. М. Дауд режимі оны әскери қылмыскер деп жариялады. 1977 жылы Ахмад шах Ауғанстанның ислам қозғалысының (АИҚ) көшбасшысы Б. Раббаниге келіп қосылды (Ляховский, 1995а: 294).



1978 жылы Сәуір төңкерісінен кейін, Ахмад шах Ауғанстанға қайтып келіп, Паншер шатқалында қарулы жасақ құру ісіне кірісті. Шебер ұйымдастырушылық және насихат жүргізе алу қасиеттерімен, сонымен қатар тікелей Б. Раббанидың қолдауымен, Ахмад шах 1979 жылы Паншерде АИҚ бүлікшілер тобын құрып, оны басқарды. Оның өз айғағына сәйкес, алғашында тобында 20 жауынгер ғана болған, алайда әскери тәжірибе жинай білген ол аз уақыт ішінде сол аймақта көшбасшы болуға үмітті басшылардың көзін құртып, өз үстемдігін орнатты. Сөйтіп, оның өміріндегі жаңа кезең басталып, ол қарулы оппозицияның әйгілі жетекшісіне айналды. Батыстың баспасөзінде ол көбінесе әскери дарын иесі, жеңіскер моджахед, «Ауғанстандағы ислам революциясының әскери теорияшысы» т.б. ретінде суреттелді (Гареев, 1996а: 139).

Ол Ауғанстандағы қалыптасқан мемлекеттік құрылымның нағыз қарсыласына айналды. Батыс Еуропадағы жетекші елдер өкілдерімен, әсіресе француздармен тұрақты байланыста болды. Тәжірибелі ұйымдастырушы, өзін еркін сезетін, батыл адам саналды. Өзінің шетелде жүрген төрт жылында Таяу Шығыс, Оңтүстік Шығыс Азия және Латын Америкасындағы партизан

соғысынан мол тәжірибе жинақтады. Әскери айла-шарғыларды шебер пайдалана алатын ақылды және қатал адам болды. Өзіне жақын араласқандардың бірде-біреуіне сенбеді. Жеке күзеті өзіне жан-тәнімен берілген адамдардан іріктелді. Оның құрамына Кеңес армиясының 4 әскери қызметкері кірді. Тұрақты резиденциясы жоқ. Бүлікшілер арасында үлкен беделге ие және бейбіт адамдарға ықпалы өте күшті болды.

### **Ахмад шах Масудтың қолбасшылық беделінің биіктеуі**

Кеңестік арнайы қызметтер оның ізіне түсіп, оған бірнеше рет шабуылдар мен қастандық жасаған, бірақ мұның бәрі нәтижесіз болды. Керісінше Ахмад шахтың беделі одан сайын көтеріле түсті. Оған дала командирі ретінде қандай ерекшеліктер тән болды?

Біріншіден, ол, әскери әрекеттерді өзінің жеке мүддесіне айналдырмай, әскери-саяси мақсаттарға бағындыра білді. Оған қоса әскери міндеттерді шешудің әлеуметтік-саяси алғы-шарттарын жасай алды. Ол жергілікті халыққа қатысты қандай да жүгенсіздікті ауыздықтай білді. Оның бақылауындағы аймақтарда мешіттер, мектептер, медицина орындары, баспанасыздарға арнап үйлер салынды, жолдар жасалып, шаруаларға егістік ұрық пен тыңайтқыштар берілді, жағдайы мүшкіл елді мекендерге азық-түлік жеткізіліп тұрды. Осының бәрі оның отрядтарының халық тарапынан қолдау табуына және олардың құрамын толтыруға оң әсер етті.

Екіншіден, ол өз жасағындағы жауынгерлерін оқыту және әскери дайындықтан өткізуге көп көңіл бөлді. Осы мақсатпен оқу орталықтарын құрып, шетелдік мамандар мен кеңестік әскери тұтқындар қатарынан жақсы әскери нұсқаушылар тобын жасақтады. Ахмад шахтың отрядтары материалдық тұрғыда жақсы жарактандырылды. Оның Хайратоннан Кабулға жол тартқан автокөліктерді ұстап алып, қажетті мөлшерде қару-жарақ, отын және азық-түлік алуға мүмкіндігі мол болды.

Үшіншіден, әскери іс-қимылдарды жүргізу барысында барлауға ерекше көңіл бөліп отырды. Үкімет органдары әскери қызметке шақыру жолдағанда ол өз өкілдерін әскерде, Ішкі істер және Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігі әскерінде қызмет атқаруға жіберіп, сол арқылы әрбір гарнизонда өз адамдарын ұстап отыруға тырысты (Гареев, 1996: 140).

Қарулы оппозицияның өзге басшыларымен салыстырғанда, Ахмад шах әскери қимылдарды

сырттан ғана бақыламай, өзі де белсене қатысып отырды. Ол өзінің жеке оққағарлары және күзетшілерімен бірге бір аймақтан бір аймаққа аса қашық жолдарға да оңай шығып жүруде де қайраттылығын танытты. Ол жанынан Калашников автоматын тастамады. Ал шатқалдардағы көлік жолында үнемі кеңестік әскери УАЗ автомашинасын пайдаланды. Әдетте ол бір жерде екі күн қатарынан қонбай, орналасқан жері туралы жалған мәлімет беріп отырды. Бірнеше еуропалық тілдерде еркін сөйлесе білді. Айналасындағы адамдардан ерекшеленбей қарапайым киім киді. Масудтың өзі күнделікті өмірде ислам дінінің заңдарына бағынды (Ахмад Шах Масуд, 2020).

Ахмад шах кеңес әскерлерінің Ауғанстанға кіргізілгенін о бастан-ақ қаламады. Коммунистерге арқа сүйеген Ауғанстан билігін де құп көрмеді. Сондықтанда кеңес әскерлері кіргізілген сәттен бастап ол қарулы қақтығысқа шықты. Оның беделін Ауғанстан халықтық демократиялық партиясы (АХДП) мүшелерінің өзі де мойындады. Мысалы, 1979 жылы билік басына Бабрак Кармаль бастаған парчамшылар келгеннен кейін, олар халықшылдар арасындағы қарсыластарын қудалауды бастады. Ал қудалаудан сескенген халықшылдар Ахмад шах тобының қатарына қосылды.

### **Ахмад шах Масудтың кеңес әскеріне қарсы күресі**

Кеңес әскері Ауғанстанға кіргеннен кейін оларға қарсы күресетін партизандық топтар саны күрт арта түсті. Солардың арасында дала моджахедтерінен айбынды армия құрып, қуатты күшке айналған Ахмад шахтың басқаруындағы моджахедтер болды. Сонымен қатар қарсыласын жайпап өтетін жасақ құрған Ахмад шах Ауғанстанның солтүстік бөлігіне бақылау жасады. Бұл дегеніңіз Кремль күшімен жаңадан билікке келген Бабрак Кармаль басқаруындағы үкіметке үлкен қауіп төндірсе, екіншіден Ауғанстанда жылына 100 мыңнан аса әскер ұстап отырған кеңестік армияға да айбынды қарсылас болды. Кабулға қарай ағылған кеңестік автокалонналарды атқылауын тоқтатпады, Ахмад шах моджахедтері шабуылдап маза бермеді. Азық-түлік пен қару-жарақ тиелген автокөліктерге қатты қатер төнді. Сөткенің кез келген уақытында жасалатын партизандық шабуылы да кеңестік тарапты зор шығынға ұшыратып, санасуға мәжбүр етті (Van Voorst, 2010). Сондықтанда болар КСРО Қорғаныс

министрлігінің Ауғанстандағы Оперативті тобының жетекшісі, Кеңес Одағының маршалы Сергей Соколов бастаған жоғары шенді әскери қолбасшылар Ахмад шах күшін әлсірету мақсатында шабуылға шығуды жөн деп тапты. Бірақта бұл уақытта халықтың қолдауына ие болып, Ауғанстанда атағы жер жарып тұрған Ахмад шахты түбірімен құртып жіберу мүмкін де емес еді. Кеңестік қолбасшылардың мақсаты оның күшін әлсіретіп, бітімгершілік пен келіссөзге мәжбүрлеу болды. Кеңес әскері он жыл ішінде Ахмад шахқа қарсы 9 әскери операция жүргізді. Ол Ауған соғысының тарихында «Паншер операциясы» деген атпен қалды (Панджшерские операции, 2020а).

Ахмад шахтың жасақтарына қарсы алғашқы әскери операция 1980 жылдың сәуір айында өткізілді. Бұл операцияға кеңестік және ауған әскерлері жұмылдырылды. Паншер алқабындағы Ахмад шахтың жасағы жергілікті тұрғындардан құрылған 1000-нан аса қарулы бүлікшілерден тұрды. Ол уақытта моджахедтер әлі қорғаныс жүйесін қалыптастырып үлгермеді, тек сол алқаптағы жалғыз жолдың әртүрлі бөліктерін миналап, үстінен үйінділер жасаумен ғана шектелді. Паншерде өткізілуі керек операцияға үш кеңестік және екі ауғандық батальон қатысты. Әскери шабуыл жылдам жүргізіліп, бар болғаны төрт күнге созылды. Бұл әскери операцияның тез аяқталуының себебі, бір жағынан Ахмад шах жауынгерлерін толық ұрыс қимылына дайындап үлгермесе, екінші жағынан құрамындағы жасақ санының әлі де аздығы еді. Бүлікшілер жағы орасан зор шығынға ұшырады.

Бірте-бірте ол жеткілікті деңгейде қару-жарақ пен оқ-дәрі жинап алды. Соның арқасында, ол осы аймақтағы ең күшті қарулы жасақ топтарын қайта құруды жүзеге асыра алды. Уақытты ұтымды пайдалана білген ол, моджахедтер үшін берік бекіністер мен қорғаныстар жасады. Ірі калибрлі пулеметтерден атқылайтын арнайы бекеттер тұрғызды. Масуд жолдарды миналаумен айналысатын арнайы отрядтар құрды. Негізгі күш Паншер шатқалына кіре беріске орталықтандырылды. Масудтың тобындағы адамдар саны 2200-ге жетті. Олар Ауғанстандағы ең маңызды стратегиялық аймақ Паншер шатқалы мен оған әкелетін Кабул – Хайратон және Саланг асуы қатынас жолдарына үлкен қауіп төндіріп, толық бақылау орнатты (Панджшерские операции, 2020б).

1982 жылдан бастап, Ахмад шахтың жасақтары қатынас жолдарына, сонымен қатар кеңестік және ауғандық үкіметтің күзет бекеттеріне

шабуылға көше бастады. Б. Кармальдың талабы бойынша Паншерде жаңа операцияға дайындық басталып, 40-армия көмегімен Ахмад шахтың жасақтарына соққы жасау шешімі қабылданды. Бұл әскери операция – Масудқа қарсы жасалған операциялардың ішіндегі ең ірісі еді. Операция 1982 жылдың 16 мамырынан маусым айына дейін жүргізілді. Оған 36 батальон (12 мыңға жуық адам) жұмылдырылды, 320 бірлік бронетанктік техника (танк, жаяу соғыс машиналары, бронетранспортер, 155 құрал-сайман мен минометтер, 104 тікұшақ пен 26 ұшақ) қолданылды. Операция барысында жалпы саны 200 тұтқын қолға түсті, 200-ден аса нысанның бары туралы ақпарат расталды. Операция барысында көптеген бүлікшілер, 230 оқ жаудыру нүктелері мен минометтер, 120 ауыр пулеметтер жойылды, қорғаныс есебіндегі 100-ге тарта үңгірлер жарылды, 30-ға жақын оқ-дәрі қоймасы мен қару-жарақтар тартып алынды (Ляховский, 1995б: 499).

#### **А. Масудтың қазақ командирі Б. Керімбаев отрядымен тайталасы**

Шатқалды алғанымен кеңес әскері үшін оны ұстап тұру оңай болмады. Қыстақтарға сіңіп кеткен моджахедтер партизандық шабуылдар жасап, кеңес әскерін зор шығынға ұшыратты. Ахмад шах Масуд Құранға қолын қойып: «Бір айдан соң шатқалда бір де бір кеңес солдаты мен жауынгері қалмайды!» – деп ант берді. Паншердің айбарлы арыстаны бір айдан соң шатқалды босатады деген ақпарат бүкіл Ауғанстанға тарады (Перне, 2008: 19).

Ахмад шахтың қаһарынан сескенген маршал С. Соколов бастаған кеңестік әскери басшылық Паншерді 1 ай ұстап тұруға өжет қазақ офицері Борис Керімбаев бастаған «Екінші мұсылмандық» батальонды қалдыруды жөн деп тапты. Батальон командирі Б. Керімбаевқа маршал Соколов мерзімінен бұрын подполковник әскери шенін тағып, шатқалды ұстап тұруға бұйрық берді. Б. Керімбаев қолбасшылық жасайтын «Екінші мұсылмандық» батальон тартып алынған алқапты 1982 жылғы маусымнан 1983 жылдың наурызына дейін бермеді. Б. Керімбаев батальонының жауынгерлері жаудың аса күрделі, кіруі қиын, шығуы одан да шым-шытырық бекіністері мен оқ ататын қуыстарын бірінен кейін бірін алды. Әсіресе Б. Керімбаев батальоны тек жоғарғы тұрған әскери басшыларды ғана таң қалдырмай, бүкіл алқапқа, аймаққа аты аңыз болып тарады.

Б. Керімбаевқа «Қара майор» лақап аты таңылды.

Әйгілі шатқалды қолдан шығармауға қалдырылған батальон Паншерді 1 ай емес, 8 жарым айға жуық уақыт бойы ұстап тұрды. Ал осы сегіз айдан астам уақытта «Қара майор» да, оның батальоны да пышақтың жүзінде жүрді. Ірі қолбасшы Масуд ең мықты қарсылас, ең айналы командир Б. Керімбаевтың басына 1 миллион доллар ақша тігетінін жариялап, қазақ баласы «Қара майордың» ерлігін ерекше мойындайтынын паш етті. «Паншер арыстанының» өзі мойындаған осы бір өшпес ерлік Ауған соғысы тарихында қалды (Смағұл, 2014: 39).

Б. Керімбаев (қара майор) Паншердегі қанды күндер туралы: «Біздің батальонды шатқалға түсірді, бірақ уәде бойынша белгіленген бір айдан кейін бізді ұмытып кетті. Бізге 8 ай бойы Паншер шатқалы мен тауларының арасында жүгіріп, Ахмад шах Масуд жасақтарымен соғысуға тура келді. Мен, өзім және қарамағымдағы жауынгерлер бұл жерден аман-есен тірі шыға аламыз ба деп өте қатты қауіптендік. Көз алдыңызға елестетіңізші, 10 мыңдаған солдатты ол жерден алып кетіп, бір отрядты қалдырды. Шатқалдың биік заулары мен шоқылары болды. Қай жақтан тас лақтырсаң да етектегі құдыққа түсті. Мен осы күн қақтаған құдықтың басында отрядыммен қалдым. Біз машиналарымызды толық орналастырып, окоптар қазып үлгермей жатып, олар атқылауын бастады. Лезде алты рота жауынгерлері жақын биіктіктерді алу үшін ұрысқа кірісіп кетті. Егер мен оны алмағанда, көп адам жоғалтатын едім. Ауғанстандағы екі жыл соғыста менің қарамағымда орташа есеппен мың адам болды. Елуге жуығы қаза болды, олардың 45-і солдаттар мен сержанттар, 1 прапорщик және 4 офицер еді. Шығынның ең көпшілігін мен, қырық шақты адамды Паншерде жоғалттым. Егер мен қарсыласып, азуымды ашпасам олар мені және менің жауынгерлерімді отқа қақтап қуырар еді» – деп, өзі басқарған батальонның Паншердегі соғысқа қатысуын және шығынның осы шатқалда көп болғанын растайды (Сайлан, 2020: 107). Б. Керімбаевтың Паншер шатқалындағы жүргізген соғыс қимылы А. Масудты ақыры бітімгершілікке келуге мәжбүрлейді. Бірақ ол көпке созылмайды.

### **Бітімгершіліктен бас тартқан Масуд**

1984 жылы көктемде Масуд кеңес әскерлерімен бітімгершілікті созудан бас тартты. Сөйтіп, «Паншер арыстаны» аталған ол, Саланг асуы арқылы өтетін жол мен елдің солтүстік-шығыс провинци-

яларында үнемі шайқасып, қарсыластарына көп қиыншылықтар тудырды. 1984 жылдан бастап Масудтың белсенділігі анағұрлым арта түсті. Сондай-ақ, кеңестік тараптың өкілдерімен кездесуден қашқақтады. Ол кеңестік және жергілікті үкімет әскерлері тарапынан Паншерге қарсы жүргізілген тоғыз операцияның барлығында негізгі күштерін және өзін сақтап қалды.

Ресей журналистеріне берген соңғы сұхбаттарының бірінде кеңестік генералдар мен офицерлердің өзіне қарсы дұрыс әрекет ете алмағанын айтты. Оның бұл сөзінде ащы шындық та бар еді. Сонымен қатар ол: «Кеңестік әскерлер шабуыл жасайтыннан бірнеше күн бұрын мен соғыс жоспарының анық-қанығына жетіп алатынмын. Мен ол жоспардың бүге-шігесіне дейін біліп отырдым: қай нысандарға оқ жаудыратынын, десантшыларды қай жерге және қашан түсіретінін, шабуылға шығатын әскердің санын, қандай қару-жарақ қолданылатынын» – деп, өзінің бір сұхбатында алдын ала ақпараттанып отыратынын мәлімдеген (Сайлан, 2018а: 110).

Он жыл бойы кеңес әскеріне қарсы қолына қару ұстап күреске шыққан Ахмад шах Масудтың беделі биіктемесе, ауған халқы арасында төмен түскен жоқ. Өйткені ол бүкіл Ауғанстанды уысына ұстамаса да өзінің туған өлкесі Паншер провинциясын басқыншыларға бермеуге тырысты. Жаппай халық арасында (әсіресе Паншер мен оған қарасты аудандарда) Масуд тек қана даңқа ие болды. Сонымен қатар, жолы болғыш партизан командирі ғана емес, халықтың мұқтаждығын ойлайтын ақылды басшы саналды.

### **Ахмад шахтың кеңес әскері кеткеннен кейінгі қызметі мен қастандықтан қаза табуы**

1989 жылы Кеңес әскерлері Ауғанстаннан кеткеннен кейін Масуд билігіне елдің солтүстік шығысындағы Парван және Тахар провинциясы қарады. Ол 1990 жылы 9 қазанда Ауғанстандағы ислам күрескерлері командирлерінің Жоғарғы кеңесін шақырды. Сосын Пәкістанда моджахедтер кеңесі жетекшілерінің мүшелерімен кездесіп, болашақ үкіметті жасақтау туралы мәселені талқылады. Кабул жүйесіне қарсы күрескен 12 жыл ішінде (1978-1990 жж.) Масуд Ауғанстанды тастамады және Исламабадта не Пешаварда көрінбеді. Ауғанстандағы ұрыс-керіс пен қақтығыстардан алшақ кетіп, Пәкістанға жайғасқан ауғандық қарулы оппозиция қатарынан да табылмады. Яғни мемлекеттік

жүйеге қарсы күрес барысында туған елі мен жасағын тастап сыртқа кетпеді. 1992 жылы сәуірде генерал Рашид Дустум әскерімен бірігіп, М. Наджибулла билігін тақтан тайдырып, Кабулды алды. 25 сәуірде моджахедтердің жетекші кеңесі Масудты Ауғанстанның Қорғаныс министрі деп жариялады. Сөйтіп А. Масуд 1992-1996 жылдары Ауғанстан ислам республикасының Қорғаныс министрі қызметін атқарды (Сайлан, 2018б: 112).

1995-1996 жылдары Кабулға бірнеше мәрте шабуылдаған талибтерге қарсы тұрды және оларға қатты соққы берді. Алайда, 1996 жылы қыркүйектің 26-сы мен 27-сіне қараған түні Масуд күштері талибтерге тойтарыс бере алмай Кабулды тастап шығуына тура келді (Stephen Tanner, 2004: 425). Сөйтіп ол өз жасақтарымен туған өлкесі Паншер алқабына кіріп, өмірінің соңына дейін Талибтерге қарсы позициялық соғысқа көшіп, қайтадан дала командиріне айналды (Bearak, Barгу (1999).

А. Масуд тек әскери қолбасшы ғана емес, әлемдегі және Ауғанстандағы жағдайды салмақты саралай білетін саясаткер де болды. Ол талибтер туралы айта келіп: «Талибтер деген кімдер? Олар тонаушы, жыртқыш, сауаты жоқ және мәдениеттен жұрдай жалдамалылар. Осындай адамдар артынан кім ереді» – деп оларға өз бағасын берді (Ахмад шах Масуд, 2001). А. Масуд сонымен қатар талибтерді Пәкістан, Сауд Арабиясы сияқты елдердің қаржыландырып отырғанын, олардың қару-жарағының өздерінікінен сапалы екенін және қолбасшыларының 40 пайызы шетелдіктер екенін де айтып өтті (John F, 2014).

2001 жылы 9 қыркүйек күні түстен кейін Масуд Ходжа-Бахауддин қышлағында екі арабтық журналисті қабылдады. Тілші бірінші сұрақты қоя салысымен, оператор-жанкешті бейне камераға жасырын орналасқан жарылыс механизмін іске қосып үлгерді. Ахмад шах Масуд басынан және ішінен ауыр жараланды. Ауыр жараланған Масуд көп қан жоғалтқандықтан, естүссіз тілге келместен өліп кетті. Сөйтіп, Паншер арыстаны 16 қыркүйек күні жер қойнына тапсырылды (Смерть Панджшерского Льва, 2002).

Қазақ халқында батыр аңғал, әрі сенгіш келеді деген сөз бар. Осы қанатты сөз Паншер арыстанына арналғандай көрінеді. Өйткені оққағарлары мен күзетін қасынан тастамайтын, сауысқаннан сақ жүретін, бір қонған жеріне екінші рет түнемейтін Масудтың көзін жою оның жауларына оңайға соқпады. Оның осал жерін іздеді. Ол баспасөз қызметкерлеріне

әрдайым сұхбат беруге қарсы болмады. Сондықтанда жаулары оның осал жерін пайдаланып, қармағына түсірді. Тілшіміз деп тізесіне оралған жанкештілер, осы жолмен оның көзін жойды (Ahmad Shah Massoud, 2001).

Масуд өлімі 2001 жылғы 11 қыркүйекте Нью-Йорктегі бүкіл әлемдік сауда үйіне Аль-Каида ұйымының жасаған терактісінен екі күн бұрын орын алды. Кейбір болжамдар бойынша Аль-Каида ұйымының осындай ірі теракті жасайтынын Масуд білді. Сондықтан Аль-Каида жетекшісі Усама бен Ладен Паншер арыстанының көзін оған дейін жоюға асықты. Осындай болжамдардың бірі Усама бен Ладеннің Ауғанстанды толық қаратып алуына Масудтың кедергі келтіргенін көрсетсе, бірі оның «Талибтер режиміне» баға жетпес қызмет көрсетуді қалағанын айтады. Қалай болғанда да бұл болжамдардың барлығы Масуд өліміне Усама бен Ладен күдікті деп есептейді. Шындығына келгенде дала командирінің өліміне тапсырыс беруші әлі анықталмады. Оның өліміне кінәлілер қатарында «Талибтер» мен Пәкістанның сыртқы барлау басқармасының аты аталады (Кузьменко, 2014).

48 жасында мерт болған Масуд өмірінің соңғы 25 жылын қолынан қаруын тастамай, тау мен тастың арасында соғысумен өткізді. Өзім 1980 жылдардың бел ортасында 2 жыл Ауған соғысына қатысушы ретінде (автор) оның есімінің бұл уақытта шарықтап тұрғанын білемін. Бірақ кеңес насихаты бұл уақытта оны бас кесер бандар ретінде насихаттады. Кеңес жауынгерлері үшін ол кезде Ахмад шахтың атынан ат үрікті деп айтуға болады. Ал кейіннен ойланып қарасақ Масуд бас кесер бандар емес, өзінің елі мен туған өлкесін жанындай қорғаған дарынды дала командирі екеніне көзіміз жетті. Ол өзінің территориясына кіріп кеткен жыртқыш аңға қарсы күрескен арыстан сияқты елесті көз алдымызға әкелді. Әсіресе Паншер алқабын сыртқы басқыншылар мен ішкі бүлікші күштерге бермей аянбай арпалысуы, оны «Паншер алқабының арыстаны» деген балама атаққа жеткізді. Паншер арыстаны атанған ол Ауғанстандағы ең ықпалды әрі ең әйгілі дала командирі болды.

### Қорытынды

Қорыта айтқанда, 2002 жылы 25 сәуірде Ауғанстан мемлекеті Ахмад шах Масудты елдің «ұлтық батыры» деп жариялады. Оның дарынды қолбасшылығы туралы көптеген деректі фильм-

дер түсіріліп, бірнеше кітаптар мен жүздеген мақалалар жазылды. Паншер арыстанының әскери істің хас шебері екенін Ауғанстанда он жыл бойы соғыс жүргізген 40-армияның қолбасшылары мен армия генералдары да мойындады. Көптеген биік шенді әскерилер оған лайықты бағасын берді. Солардың бірі, Ауғанстанда 1985-1986 жылдарда 40-шы армияны басқарған қолбасшысы Игорьь Радионов: «Ахмад шах Ауған оппозициясының өте дарынды көшбасшысы болды және солай қалады. Оның керемет ойы мен жақсы ұйымдастырушылық қасиеттері бар. Кеңестік құпия барлау қызметі кезінде оның артына түсіп аңдыды, қастандық та ұйымдастырды, бірақ бәрі сәтсіз болды. Әрине, А. Масудтың өзіне риза болуына негіз бар. Біз оның әскери шеберлігін құрметтеуіміз керек» – деп, оған өзінің көзқарасын осылай білдірді (Афганская мясорубка, 2001).

Ауған соғысы барысында кеңес әскерлері басшылығы тарапынан Ахмад шах Масудтың көзін жою жан-жақты қарастырылып, кейіннен

бұл шешім өзгертілді. Өйткені артынан миллиондаған халық ерген тұлғаның көзін жоя салу екі тарап арасындағы жағдайды одан әрі ушықтырып жіберетін болса, екіншіден Масудтың басқа дала командирлерінен ерекшелігі де әсер етті. Оның көзін жойғанша келіссөзге келу тиімді деп саналды. 1980 жылдардың басында Масуд көпшілігі тәжік ұлтынан жасақталған моджахедтердің көшбасшысы болса, 1990 жылдары ол Ауғанстанның жалпы ұлттық әскерінің қолбасшысына айналды. Сарапшылар пікірінше ол Ауғанстан Ислам Республикасының президенттігіне лайық тұлға еді. Бірақ оның ұлты тәжік болуына байланысты бұл мүмкін де емес болатын. Өйткені Ауғанстан басшыларының барлығы мемлекеттің басым бөлігін құрайтын пуштун ұлтынан сайланды. Ал тәжік ұлтынан президент сайлау елдегі ұлтаралық жағдайды одан әрі ушықтырып жіберуі мүмкін еді. Міне, әйгілі дала командирі атанған Ахмад шах Масуд осындай тұлға болды.

#### Әдебиеттер

- Афганская мясорубка: шрамы на сердце // knews.kg. Қаралған күні: 14.02.2014.  
 Ахмад Шах Масуд: После войны хочу восстанавливать свою страну . Қаралған күні: 11.09.2001.  
 Ахмад Шах Масуд (2020). Қаралған күні: 20.12. 2020.  
 Ahmad Shah Massoud // telegraph.co.uk. Қаралған күні: 17.09.2001.  
 Биография (2015) Ахмад Шах Масуда . Қаралған күні: 16.08.2015.  
 Van Voorst (2010) “Afghanistan: The bear descends on the lion” // everything.explained.today. Қаралған күні: 10.07.2010.  
 Bearak, Barry (1999). Afghan ‘Lion’ Fights Taliban With Rifle and Fax Machine. //covertactionmagazine.com. Қаралған күні: 09.12.2019.  
 Гареев М. (1996) Моя последняя война. – Москва. – 492 с.  
 John F. Burns. Afghan Driven From Kabul Makes Stand in North // Nytimes.com. Қаралған күні: 17.07. 2014.  
 Кузьменко О. (2014) Ахмад Шах Масуд – враг бен Ладена // rusplt.ru. Қаралған күні: 11.09.2014.  
 Ляховский А. (1995) Трагедия и доблесть Афгана. – Москва. – 650 с.  
 Martyrs Week, Massoud’s Death Anniversary Commemorated”. Two years later, in 1975, he led the first rebellion of Panjshir residents against the government of that time // tolonews.com. Қаралған күні: 09.09.2019.  
 Панджшерские операции // ru.wikipedia.org. Қаралған күні: 3.06.2020.  
 Перне Н. (2008) Панджшер арыстаны мен панджшер падишахы // Қазақ әдебиеті. – 11-17 шілде.  
 Сайлан Б. (2018) Біз болған соғыс. – Алматы: Қазақ университеті. – 508 б.  
 Сайлан Б.С. (2020) Мұсылмандық батальондар: Борис Керімбаев жасағының жауынгерлік жолы. – Алматы: Қазақ университеті. – 135 б.  
 Слинкин М.Ф. (1999) Народно-демократическая партия Афганистана у власти. Время Тараки-Амина (1978- 1979 гг.). – Симферополь. – 359 с.  
 Смағұл Б. (2014) Қазақтың қара майоры. – Алматы. – 160 б.  
 Смерть Панджшерского Льва. // mk.ru. Қаралған күні: 08.09.2002.  
 Stephen Tanner (2004). Afghanistan: A History of Wars from Alexander the Great to the Fall of the Taliban. p. 448.

#### References

- Afganskaia miasorubka: shramy na serdtse [Afghan meat grinder: scars on the heart]. // knews.kg. 14.02.2014.  
 Ahmad Shah Masud: Posle voyny hochu vosstanavlivat svoju stranu [Ahmad Shah Massoud: After the war I want to rebuild my country]. // kp.ru. 11.09.2001.  
 Ahmad Shah Masud (2020) [Ahmad Shah Massoud]. // e-reading.club. 20.12. 2020.  
 Ahmad Shah Massoud [Ahmad Shah Massoud]. // telegraph.co.uk 17.09.2001.



- Биография (2015) Ahmad Shah Masuda [Biography of Ahmad Shah Massoud]. // peoples.ru. 16.08.2015.
- Van Vorst (2010) «Afghanistan: medved spuskaetsia na lva» [Afghanistan: The bear descends on the lion]. // Everythingexplained.today. 10.07.2010.
- Bearak Barri (1999). Afganskii «lev» boretsia s talibami s pomoiu vintovki i faksimilnogo apparata [Afghan 'Lion' Fights Taliban With Rifle and Fax Machine]. // covertactionmagazine.com. 09.12.2019.
- Gareev M. (1996) Moia posledniia voina [My last war]. Moskva, 1996. 492 s.
- Djon F. Berns. Afgantsy, izgnannye iz Kabula, stoiat na severe [Afghan Driven From Kabul Makes Stand in North]. // Nytimes.com. 17.07.2014.
- Kuzmenko O. (2014) Ahmad Shah Masud – vrag ben Ladena [Ahmad Shah Massoud is bin Laden's enemy]. // rusplt.ru. 11.09.2014.
- Liahovskii A. (1995) Tragediia i doblest Afgana [The tragedy and valor of Afgan]. Moskva. – 1995. – 650 s.
- «Nedelia muchenikov, godovina smerti Masuda». Dva goda spustia, v 1975 godu, on vozglavil pervoe vosstanie jitelei Pandjshera protiv pravitelstva togo vremeni [Martyrs Week, Massoud's Death Anniversary Commemorated". Two years later, in 1975, he led the first rebellion of Panjshir residents against the government of that time]. // tolonews.com. 09.09.2019.
- Pandjsherskie operatsii [Panjshir operations]. // ru.wikipedia.org. 3.06.2020.
- Perne N. (2008) Pandjsher arystany men pandjsher padishahy [Panjshir lion and king Panjshir]. // Qazaq adebiati. 2008. 11-17 shilde.
- Sailan B. Biz bolgan sogys [The war we were]. Almaty: Qazaq universiteti, 2018. 508 b.
- Sailan B.S. (2020) Musylmandyq batalondar: Boris Kerimbaev jasagynyn jauyngerlik joly [Muslim Battalion: Combat Path of Boris Kerimbayev's Detachment]. Almaty: Qazaq universiteti, 2020. 135 b.
- Slinkin M.F. (1999) Narodno-demokraticheskaiia partiia Afganistana u vlasti. Vremia Taraki -Amina (1978- 1979 gg.) [The People's Democratic Party of Afghanistan is in power. Time of Taraki-Amin (1978-1979)]. Simferopol, 1999. 359 s.
- Smagul B. (2014) Qazaqtyn qara maiory [Black Major of Kazakhs]. Almaty, 2014. 160 b.
- Smert Pandjsherskogo Lva [Death of the Panjshir Lion]. // mk.ru. 08.09.2002.
- Stiven Tanner (2004). Afghanistan: Istoriia vojn ot Aleksandra Velikogo do padeniia Talibana [Afghanistan: A History of Wars from Alexander the Great to the Fall of the Taliban]. 448 r.